

## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 738	▲ 0,58%	▲ 14,8%
NASDAQ	22 942	▲ 0,89%	▲ 19,0%
DJIA	46 735	▲ 0,31%	▲ 10,2%
CBOE Volatility Index (VIX)	17	▼ -6,99%	▼ -3,5%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 579	▲ 0,67%	▲ 16,0%
DAX	2 038	▲ 0,19%	▲ 19,5%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	25 968	▲ 0,72%	▲ 32,3%
Nikkei 225	49 130	▼ -0,36%	▲ 23,1%
Shanghai SE	3 922	▲ 0,22%	▲ 20,2%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	6 944	▲ 0,15%	▲ 22,3%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарықтары сауда-саттықты төмендеумен аяқтады: S&P 500 0,53%-ға төмендеп, \$6 699,40 деңгейінде жабылды; Nasdaq Composite 0,93%-ға азайып, \$22 740,40 деңгейіне жетті; DJI 0,71%-ға арзандап, \$46 590,41 құрады. S&P 500 индексінің 11 секторының 9-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары – Consumer Discretionary (+1,9%), Industrials (+0,8%) және Information Technology (+0,7%) секторлары болды. Төмендеген секторлар – Utilities (-0,8%) және Consumer Staples (-0,6%).

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	7 937 428 011 913	-0,6%	-2,0%	23,1%
Consumer Discretionary	6 036 830 216 475	-0,7%	-1,1%	12,6%
Consumer Staples	3 340 717 840 755	0,3%	1,8%	-6,8%
Energy	1 657 520 558 878	1,1%	-3,3%	-0,3%
Financials	8 285 112 939 195	-0,6%	-2,6%	11,4%
Industrials	4 804 387 271 017	-1,6%	0,5%	8,3%
Information Technology	20 111 463 800 644	-1,4%	1,3%	24,8%
Materials	1 015 431 758 433	0,0%	-0,4%	-9,1%
Real Estate	1 114 252 095 051	0,5%	0,7%	-6,6%
Utilities	1 319 327 267 498	0,0%	4,7%	15,5%
Health Care	5 402 360 899 144	0,2%	6,5%	0,9%

Кеше америкалық және әлемдік қор нарықтары АҚШ пен Қытай арасындағы сауда шиеленісінің бәсеңдеу белгілерінің аясында өсім көрсетті. Қосымша фактор ретінде мұнай нарығының күрт реакциясы әсер етті: Вашингтон екі ірі ресейлік мұнай компаниясына санкциялар енгізгеннен кейін мұнай бағасы шамамен 5%-ға көтерілді. Бұл шаралар әлемдік шикізат жеткізілімдеріне қатысты алаңдаушылықты арттырды.

АҚШ энергетика саласында батыл қадамдарға барды. Президент Дональд Трамп әкімшілігі Ресейдің ірі мұнай компаниялары «Роснефть» және «Лукойл» компанияларына қарсы санкциялар енгізіп, Маскәуді Украинаға қарсы «мағынасыз соғысты» жалғастырып жатыр деп айыптады. Бұл — Трамптың екінші президенттік мерзіміндегі Вашингтон тарапынан жасалған алғашқы осындай шешім, сондықтан оның мұндай шараны неге ертерек қабылдамағаны туралы сұрақтар туындады.

Сәрсенбі күні кеше жарияланған санкциялар АҚШ одақтастарының шектеу шараларын кеңейтуімен тұспа-тұс келді. Еуропалық одақ Ресейге қарсы 19-пакет санкцияларды бекітіп, ресейлік сұйытылған табиғи газ импортына тыйым салды, ал Ұлыбритания бұған дейін-ақ «Роснефть» пен «Лукойлға» қатысты шектеулер енгізген болатын. Бұдан кейін Reuters агенттігіне сілтеме жасаған дереккөздер Қытайдың мемлекеттік мұнай компаниялары санкцияларға байланысты ресейлік мұнай сатып алуды уақытша тоқтатқанын хабарлады. Қытай Ресей мұнайының ең ірі сатып алушысы болғандықтан, бұл шешім күтпеген жағдай болды — әсіресе Дональд Трамп пен Си Цзиньпиннің келесі аптаға жоспарланған кездесуінің алдында.

Осы уақытта Бейжіңде Қытай Коммунистік партиясы басшылығының төрт күндік жабық отырысы аяқталып, оның қорытындысы бойынша жаңа бес жылдық экономикалық жоспар жарияланды. Құжатта өнеркәсіп секторын жаңғырту мен елдің технологиялық тәуелсіздігін нығайтуға ерекше назар аударылған. Мұндай бағыт түсінікті — АҚШ-пен өршіп келе жатқан бәсекелестік аясында Қытай микрочиптер өндірісі, сирек кездесетін металдар және есептеу қуаты сияқты негізгі салаларда шетелдік технологияларға тәуелділікті азайтуға ұмтылуда, бұл елдің экономикалық және қорғаныс артықшылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Макроэкономикалық тұрыдан алғанда, инвесторлар енді АҚШ-та жұма күні жарияланатын инфляция деректеріне назар аударуда. Қыркүйек айындағы тұтыну бағалары индексі бойынша есеп ел тарихындағы ең ұзақ үкімет жұмысының тоқтап қалуының бірі — 24 күнге жуық уақытқа созылған жағдай кезінде жарияланатын санаулы ресми экономикалық көрсеткіштердің бірі болмақ. Бұл деректер АҚШ экономикасының қазіргі жағдайы мен ФРЖ-ның алдағы ақша-несие саясатына қатысты неғұрлым айқын түсінік бермек.


KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	355	0%	29,5%
Банк ЦентрКредит	4 600	-2%	100,7%
Kcell	3 366	0%	-0,4%
Казатомпром	28 105	2%	37,4%
КазТрансОйл	855	0%	3,9%
КЕГӨК	1 450	-2%	-4,7%
Касpi.kz	41 890	1%	-23,6%
КазМунайГаз	22 350	0%	52,8%
Эйр Астана	850	2%	-25,6%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	537,33	-0,14%	2,4%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,09	-0,36%	-20,8%
EUR/USD	1,1617	0,06%	13,2%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>  
 Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.